

Сағата Ашимбаева «Қарыз бен парыз» смелю обшуджали узловые проблемы в казахском обществе, проект оказывал положительное воздействие телезрителям. К сожалению в некоторых ток-шоу современности содержание несколько отклонено от наших национальных наследии и интересов. Дешевый смех, не богатый лексикон журналистов, отклонения отлитературных норм и норм национальной культуры. Остаются без внимания не разрешенные проблемы. Они не выносятся на повестку дня . Это не пустая словесность. Автор статьи сам участвовал в свое время по приглашению в телепрограммах «Айтуға оңай» и в ряде других. В последующем пришлось отказаться.

Наше мировоззрение нельзя относить к т.н. «вечному конфликту» между старшим и подрастающим поколением. Нас заботит дефицит программ, направленных на развитие патриотического воспитания, торжеству национальных традиции. Увеличение программ по повышению правосознания молодежи могло бы привести к активизации их участия в искоренении хронических недуг по коррумпированности и т.д., постепенному возврату общества к моральному кодексу... А пока наши телепрограммы состоят в основной массе из разных ток-шоу, а промежутки между ними почти полностью заполняются дешевыми индийскими и другими сериалами. Нашим уполномоченным органам хочется пожелать периодически анализировать свою деятельность в соответствии с законами в области культуры . Государство при своем становлении как демократическое государство должно, мы думаем, непосредственно стимулировать качественный рост культурного развития общества, указав это как часть тщательно разработанного публичного концептуального документа о государственной идеологии недеklarативного характера.

Использованные источники:

- 1 Н. Балқияұлы, Білім мен тәрбие жас ұрпақтың қос қанаты. «ТҮРКІСТАН», 21.07.2016.
- 2 Н. Мырзахметова, Жастарды не аландатады. «АЙҚЫН», 24.05.2014.

ӘОЖ 340(075.9)

**Адилова К. А.**

*Заң ғылымдарының кандидаты, ассоц.профессор,  
Сүлейман Демирель атындағы Университеттің Құқықтану кафедрасының  
меңгерушісі, Алматы, Қазақстан Республикасы, [Kultai.adilova@sdu.edu.kz](mailto:Kultai.adilova@sdu.edu.kz)*

## **ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Abstract.** This article deals with the formation and development of Kazakhstan's independence and the development of the constitutional state and civil society in Kazakhstan.

**Keywords:** Constitution, Republic of Kazakhstan, Declaration of Independence, constitutional state, civil society.

Мемлекеттің егемендігі мемлекеттің ішкі қатынастардағы үстемдігі мен сыртқы халықаралық қатынастардағы тәуелсіздігін білдіреді. Мемлекет қоғамның өкілі бола тұра оны басқарады және оның дамуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ, бүкіл қоғам атынан ресми істі жүргізе алады. Өзінің аумағындағы барлық адамдарға, ұйымдар мен мекемелерге міндетті заңдар мен ережелерді шығаруға мемлекеттің ғана құқығы бар.

Мемлекет – басқару функциясын орындайтын және соның көмегімен қоғамның тіршілік-тынысын қамтамасыз ететін, оған қажетті жағдайлар мен алғышарттар жасауға ұмтылатын адамзат қоғамын ұйымдастырудың айрықша нысаны. Мемлекет басқа ұйымдардан қоғамда әрекет ететін құрылымдарымен және институттарымен, егемендік сияқты белгімен ерекшеленеді. Бұл сипат мемлекетті басқа ұйымдардан, қоғамның құрылымдары мен институттарынан жоғары қояды. Егемендіктің екі құрамдас бөлігі бар: үстемдік және тәуелсіздік. Мемлекеттік биліктің үстемдігі деп өз аумағындағы ең жоғары билікті айтады. Өз аумағындағы жұмыс істеп тұрған барлық ұйымдар, бірлестіктер, құрылымдар мен тұлғалар мемлекеттің басымдық рөлін мойындайды. Олар мемлекеттік бұйрығын орындауға, мемлекеттің белгілеген тәртібін сақтауға әрі бұзбауға міндеттенеді. Мемлекетке тиесілі аумақта бірде бір ұйым, бірлестік немесе құрылым мемлекетке қарсы келе алмайды. Егемендіктің екінші бір құрамдас бөлігі болып саналатын тәуелсіздік дегеніміздің мәнісі – мемлекет өзінің билігін дербес жүргізеді, өзінің стратегиялық бағыты мен тактикалық жолын өзі тандайды, өз ісіне ешкімді араластырмай, ішкі және сыртқы саясатын өзі жасайды, басқаның үстемдігіне жол бермейді. Тәуелсіздік ұғымының ішкі аспектісі мемлекеттің ішінде жұмыс істейтін бірде-бір ұйымның, бірлестіктің және құрылымның мемлекет билігінің дербестігіне қол сұға алмайтындығына ерекше көңіл аударуға міндеттейді. Ал тәуелсіздіктің сыртқы аспектісі, егемен мемлекет басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дербес қарым-қатынасты сақтайды дегенді білдіреді[1, 246.].

Қазақстанның мемлекеттік егемендігі жарияланған сәттен мемлекетіміздің конституциялық дамуының жаңа кезеңі басталды.

1990 жылы 25 қазанда Жоғарғы Кеңестің сессиясында тұңғыш рет мемлекеттің егемендігін бекітетін тарихи маңызды құжат – «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылданды. «Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» қабылдануы өз алдына дербес және тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуының алғашқы қадамы, бастау жолы болды. Бұл Декларацияның ең басты ерекшелігі тәуелсіз мемлекеттің барлық негізгі элементтерінің одан әрі қалыптасуы үшін заңдылық негіздерін нақты айқындап берді[2].

Мемлекеттік егемендік туралы Декларация республиканың егемендігін баянды еткен тұңғыш заңнамалық акт болды. Бұл құжат бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық аренада халықаралық қатынастардың дербес әрі толыққанды субъектісі ретінде сыртқы саясатта өзінің мүдделерін айқындап, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға мүмкіндік алды.

Еліміз егемендік Декларациясы арқылы табиғи байлығымызды, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетті толық өз меншігіне алды. Қазақстан территориясындағы барлық әскери құрылымдар мемлекет қарамағына өтті. Декларация бойынша Қазақстан территориясында егемендікке қайшы келетін КСРО заңдарының күші жойылды. Декларация орталыққа бағынышты күйден арылтып, Мәскеумен жаңа жағдайда тең әріптес ретінде ынтымақтастыққа қол жеткізді.

Мемлекеттік егемендік Декларациясы – егемендікті білдіретін мәлімдеме емес, шын мәнінде, заңдық күшке ие маңызды құжат болатын. Сондықтан да, осы декларация Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңының қабылдануына негіз болды.

Мемлекеттік егемендік туралы Декларация, көп жылдардан бері тұңғыш рет Қазақ ССР-інің аумағы бөлінбейтін және оған қол сұғуға болмайтындығын, сонымен қатар оның келісімінсіз Қазақ ССР-інің аумағын пайдалануға болмайтындығын ережеде нақтылап берді.

Мемлекет тәуелсіздігінің айқын айғағы оның егемендігі болып табылады. Декларацияға сәйкес республикадағы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып Қазақстан халқы танылады, сондай-ақ ол егемендіктің бірден-бір иесі болып табылады.

Қандай да болмасын мемлекеттің егемендігін оның меншігі құрайтындығы белгілі. Республиканың жеке меншігіне оның аумағындағы барлық ұлттық байлықтар жатқызылады. Республиканың ұлттық байлығына жер және оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдіктер және хайуанаттар әлемі, халықтың мәдени және тарихи құндылықтары, экономикалық және ғылыми-техникалық потенциалы енгізілген.

Декларация Республиканың ішкі және сыртқы қарым-қатынастарда тәуелсіз және толық билікке иелік ететін Қазақ ССР-індегі мемлекеттік биліктің үстемдігін алғаш рет бекітеді. Сонымен қатар Декларацияның сыртқы қатынастарда Одақтық Келісім аумағында ғана тәуелсіздікті шектеп келгенін атап өту керек. Декларацияның негізгі бөлімі, жалпы алғанда, қазақстан мемлекетінің қалыптасуына ақпал етіп, Республика қызметінің негізгі бағыттарын белгілеп, осы процестің алдағы уақытта да дамуын тікелей айқындап бергенін айта кеткен жөн. Ең біріншіден, Декларация Қазақ ССР-інің Республикадағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және ұлттық-мәдени құрылысқа, оның әкімшілік-аумақтық құрылымына қатысты мәселелерді, сол сияқты Республикадағы нашандарын өз алдына шешетіндігін белгілеп берді.

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының қабылдануымен Қазақстан Республикасындағы конституциялық дамудың келесі кезеңі басталды.

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының қабылдануы Қазақстан Тәуелсіздігінің маңызды кезеңі сондай-ақ, Қазақстан халқының тағдырын анықтаушы құжат болды.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңның қабылдануымен еліміздің тәуелсіз даму жолы басталды. Оның мазмұнында ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына басымдықтың берілуі, саяси тұрақтылық, биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі, билік тармақтарының тепе-теңдікпен және тежемелілікпен өзара әрекеттесуі, ұлтаралық келісім және т.б. іргелі демократиялық қағидалар көрініс тапты. Шынайы егемендіктің жариялануы елді сыртқы әлемнің, халықаралық аренадағы дамыған ірі державалардың мойындауына мүмкіндік берді.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы қазақ халқы үшін ерекше маңызға ие құжат болып табылады. Тәуелсіздік туралы ҚР заңы 7 тараудан тұрады. «Қазақстан Республикасы — тәуелсіз мемлекет» деп аталатын оның бірінші тарауында былай жазылған: «1-бап. Қазақстан Республикасы — тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді. 2-бап. Қазақстан Республикасы барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық құқық принциптері бойынша құрады. 3-бап. Өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттер тануы үшін Қазақстан Республикасы ашық. 4-бап. Қазақстан Республикасының бүкіл территориясында Қазақстан Республикасының

Конституциясы мен заңдары, сондай-ақ ол таныған халықаралық құқық нормалары қолданылады. 5-бап. Қазақстан Республикасының территориясы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады»[3].

Осылайша, 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бүкіл Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, сондай-ақ, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында, халықаралық құқықтың жалпыға танымал өзге де нормаларында баянды етілген жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін мойындай отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялады. Сол арқылы, қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығын растап, Қазақстан Республикасының азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет құруға бел байлағандығын жариялап, бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясатты жүргізетіндігін, ядролық қаруды таратпау принципі мен қарусыздану процесіне адалдығын бүкіл әлемге мәлімдеді.

Мемлекеттік егемендік туралы декларация мен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституцилық заң мемлекет Конституциясының негізі және еліміздегі саяси және әлеуметтік-экономикалық салада тиісті реформалар жүргізу үшін құқықтық база болды.

Қазақстан мемлекетінің негізгі мақсаттары Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға қадам басайық» деген жолдауында анық көрсетіліп берілді. Жолдауда еліміздің алдыңғы «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының Стратегиясы» бойынша экономикалық дамуындағы жетістіктердің болғанын бағалай келіп, «Алайда, соңғы тоғыз жылда жүргізілген сол реформалардың есебінен ғана біз тұрақтылығымызды сақтап, ТМД-ның барлық елдеріндегі деңгейге қарағанда, ең жоғарғы экономикалық өрлеуге қажетті қарқын алдық» деп атап көрсетті [5]. Жолдауда, еліміздің экономикалық дамуының келешегі «экономикалық өрлеудің ұзақ мерзімдік басымдылығына» негізделуі тиіс екендігі көрсетіліп, таяу арадағы шешілетін үкімет алдындағы міндеттерді белгіледі.

1995 жылғы 30 тамызда өткізілген республикалық референдумда «Қазақстан Республикасының Конституциясы» қабылданды. Тұңғыш рет 1993 жылғы Конституция Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы - адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялады. Бұл ережені бүгінгі күні қолданыста жүрген 1995 жылғы Конституция да, 1-баппен бекітті. Сондықтан, қолданыстағы Конституцияның 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады.

Адамның құқықтары мен бостандықтарының шынайы қорғалуы, мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуі құқықтық мемлекеттің басты идеясы болып табылады.

Құқықтық мемлекет – бұл адамның табиғи құқығы танылатын және кепілдік берілетін, мемлекет билігінің заң шығарушы, атқарушы және соттарға бөлінуі шынайы жүргізілетін құқықтық заңдардың жоғарылығы, азаматтардың мемлекеттің алдында, мемлекеттің азаматтардың алдында өзара жауаптылығы қамтамасыз етілетін азаматтық қоғамды саяси билік ұйымының айрықша нысаны. Құқықтық мемлекеттің қағидасына мыналар жатады: билікті заңсыз пайдалануды болдырмау мақсатында оны заңшығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлу; заңның үстемдігі, яғни, биліктің жоғары органымен барлық конституциялық тәртіптерді сақтай отырып қабылданған заң атқарушылық билік актілерімен жоққа шығарылуы, өзгертілуі және тоқтатылуы мүмкін емес; мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі; қоғамдағы

құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі; азаматтық қоғамның болуы және тарапынан құқық субъектілерінің заңдарды орындауына бақылау жүргізуі.

Азаматтық қоғам – бұл жай азаматтардың жиынтығы емес, мұнда азаматтар өздерінің мүддесі мен қажеттілігін әр түрлі тәуелсіз ерікті партияларды, ұйымдарды, кәсіпкерлік және басқа да одақтарды құру, мемлекеттік өкімет органдары мен лауазымды адамдар арқалы еркін іс жүзіне асыра алады. Демек, азаматтық қоғам – мемлекеттен, әрі саясаттан тыс қатынастардың жиынтығы (экономикалық, әлеуметтік, мәдени, адамгершілік, отбасылық, діни). Азаматтық қоғамның элементтеріне мыналарды жатқызуға болады: ерікті өзін-өзі басқара алатын адамдардың жиынтығы (отбасы, кооперация, ассоциация, шаруашылық, корпорация, кесіптік, спортық, және басқа да бірлестіктер); мемлекеттік емес (саяси емес) экономикалық (оның негізін жеке меншік, нарықтық экономика құрайды), әлеуметтік, адамгершілік және басқада қоғамдық ұйымдардың жиынтығы; өндірістік және адамдардың жеке өмірі, әдет-ғұрпы, дәстүрі; ерікті адамдардың өзін-өзі басқару сферасы және олардың ұйымдары; бұқаралар ақпарат құралдары.

Құқықтық мемлекеттің бір белгісі мемлекеттік билікті ұйымдастыруда биліктерді бөлу қағидаларын жүзеге асыру болып табылады. Тұңғыш рет ол жүйе құрушы қағидат ретінде 1990 жылдың 25 қазанында қабылдаған «Қазақ КСР –інің мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияның 7- бабында айшықталды. Соған сәйкес мемлекеттік биліктің барлық жүйесін реформалау жүргізілді.

ҚР Конституциясы 3-бабының 4 тармақшасында Республикада мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы, сот билігіне бөліну қағидатына сәйкес жүзеге асырылады деп атап көрсетті. Заң шығарушы билікті Қазақстан Республикасының Парламенті, атқарушыны-Үкімет, сот билігін - Жоғары сот және Қазақстан Республикасының төмен тұрған соттары жүзеге асырады. Тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің болуы – жаңа конституциялық өзіндік ерекшеліктерінің бірі. Тежемелік және тепе-теңдік жүйесі элементтеріне парламенттік импичмент, Үкіметке сенімсіздік вотумы білдіру, Президенттің парламентті таратып жіберу құқығы, Үкіметке және оның мүшелерін орнынан босатуды жатады. Қазіргі кезде конституциялық бақылау механизмі құрылуда. Республикада конституциялық бақылаудың қалыптасуы құқықтық мемлекет құру туралы пайда болған конституциялық бағыт- бағдарлармен тығыз байланысты. Басқа нормативтік актілерден Конституцияның сөзсіз басым болуы құқықтық мемлекеттің белгілерінің бірі болып табылады. Құқықтық мемлекеттің тағы бір негізгі қағидаты мемлекеттің өзінің және оның органдарының Қазақстан Республикасы Конституциясына міндетті түрде бағынышты болуынан көрінетін құқықтық үстемдігі болып табылады. Конституциялық кеңес заңдар және басқа да нормативтік актілерді, егер олар Конституцияға қайшы келетін болса, Конституцияға сәйкес келмейді деп тануға құқылы. Қазақстан Республикасының Конституциясы адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп мойындай отырып, адамның құқықтары мен бостандықтарын, ар-ожданы мен қадыр-қасиетін сақтау мен қорғау мемлекеттік биліктің басты міндеті болып табылады деген тұжырымды алдыға тартады. Конституция саяси, заңдық және басқа да кепілдіктердің нақтылы жүйесін құру үшін негіз қалады. Ол өз кезегінде баршаның заң мен сот алдындағы теңдігін, мемлекет пен тұлғаның екіжақты жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Конституция Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам қалыптастыруға ықпал жасайды. Бұл Конституцияда идеологиялық және саяси әралуандылық негізінде жүзеге асырылады. Конституция саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, қозғалыстарға саяси және мемлекеттік өмірге қатысу үшін тең мүмкіндік береді. Үстемдік етуші ретіндегі қандай да бір идеологияның

белгілеуіне жол берілмейді. Азаматтық қоғам мемлекет және азамат, тұтынушы және өндірушінің әлеуметтік серіктестігі, нарық шаруашылықтары меншік түрлерінің аралуандылығымен сипатталады.

1995 жылғы Конституцияның басты бір жетістігі барлық деңгейдегі соттардың тәуелсіздігінің кепілдігі болып табылады. Сот билігінің тәуелсіздігі судьялардың өкілеттігін сайлаудың, тағайындаудың және тоқтатудың ерекше тәртібімен, сонымен бірге сот құрамын құруға Жоғарғы Сот кеңесі және Әділет биліктілік комиссиясы сияқты тәуелсіз органдардың қатысуымен айқындалады. Судьялардың тұрақтылығы қағидаты бекітілген.

Соған байланысты сот жүйесінің тәуелсіздігін құқықтық реформаны жүргізу арқылы нығайтудың, өкілді өкімет органдарының өкілеттік билігін өсіріп, сайлау заңдарының негізінде сайланбалықты кеңейтудің азаматтық қоғам институттарының қолдаудың қажет екендігін анықтап берді. Жолдауда, ұлттық қауіпсіздіктің - мемлекеттік саясаттың негізі ретінде, жаңа қауіптің бетін қайтаратын ұлттық қауіпсіздіктің жаңа тетіктерінің жасалуы қажет екенін, аймақтық қауіпсіздіктің нақты жүйесін жақсартудың жолдарын айқындап берді.

Конституция құқықтық мемлекеттің қалыптасуы үшін құқықтық база болады, ал өз азаматтарының және олардың бірлестіктерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілеті жоқ, олардың жүзеге асырылуына белгілі бір кедергілерді жасайтын мемлекет құқықтық деп есептелуі мүмкін емес.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің белгілері өзара тығыз байланысты және бір - біріне тәуелді. Бұл ең алдымен, мемлекеттің қоғамсыз, сол сияқты қоғамның да мемлекетсіз өмір сүруі мүмкін еместігінен келіп шығады. Алайда кез-келген мемлекет азаматтық қоғамның қалыптасуына қажетті жағдайды жасай алмайды.

Қазақстанға қатысты азаматтық қоғамның белгілеріне мыналарды жатқызуға болады: 1) саяси демократиялық режим; 2) басқарудың республикалық нысаны; 3) мемлекеттік құрылымның унитарлық (біртұтас) нысаны (Қазақстан үшін); 4) саяси және идеологиялық көптүрлілікке негізделген көппартиялық саяси жүйе; 5) бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) бостандығы; 6) сөз бостандығы; 7) мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдарды, одақтарды, ассоциацияларды, қозғалыстарды, клубтарды және т.б. құру және олардың қызметін белсендендіру; 8) мемлекеттің жергілікті өзін-өзі басқаруды қамтамасыз етуі, қолдауы және қорғауы; 9) мемлекеттің құқыққа бағынуын қамтамасыз ететін конституциялық құрылыстың болуы; 10) биліктің барлық деңгейлерінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруының тиімді механизмінің болуы; 11) қоғам (мемлекеттік емес құрылымдар) тарапынан мемлекеттік билікті бақылаудың тиімді тәсілінің болуы; 12) мемлекеттің конституциялық жауаптылығының болуы; 13) әлеуметтік бағдарланған экономиканың болуы[6, 75б.].

Қазақстан құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптастыру мақсатын көздейді. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы үшін белгілі бір құқықтық негіздері қаланған. Олар демократиялық институттарды дамыту бойынша, сонымен қатар, олардың тиімді қызмет етуі мен қалыптасқан конституциялық құрылысты нығайту үшін жағдайларды жасау және қамтамасыз ету бойынша мемлекет пен қоғамның жаңа міндеттерін анықтайды.

Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты және әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі, оның ажырағысыз бөлігі болып еніп отыр. Ол өзінің сыртқы саясатында барлық ұлттармен, көршілермен тең дәрежелі достық қатынас орнатуда. Сонымен қатар еліміздің халықаралық деңгейде мүдделі болып отырған

көкейкесті мәселелері – қарусыздану және халықаралық қауіпсіздікті нығайту, аймақтық жанжалдарды реттеу және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциялардың тиімділігін арттыру, адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, айналадағы ортаны қорғау, дамыту және т.б. саясат жүргізіп, ішкі әл-ахуалымызды жақсартып, болашақта өркениетті, құқықтық қоғам орнатуына сеніміміз мол.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Сапарғалиев Ғ. С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. А., 2014ж.
- 2 Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация, 25.10.1990ж.
- 3 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, 16.12.1991ж.
- 4 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995ж.
- «Қазақстан-2030» ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
- 5 Адилова К.А. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қалыптасуы: теориялық құқықтық мәселелері: монография. Алматы, 2012ж.

УДК 34

**Аманкожаев А. А.**

*Сүлейман Демирел атындағы Университет Құқықтаны кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі, Қазақстан Республикасы, Алматы.*

[aidyn.amankozhayev@sdu.edu.kz](mailto:aidyn.amankozhayev@sdu.edu.kz)

### **ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ МҮЛІКТЕРІНІҢ ЗАҢДЫ РЕЖИМІ ЖАҒДАЙЫНДА ӘРҚАЙСЫНЫҢ ЖЕКЕ МЕНШІКТЕРІ**

**Abstract.** In this article private property of a spouse in the assets legal regime is analyzed.

**Кілт сөздер:** Ерлі-зайыптылардың мүліктері, ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі, жұбайлардың жеке меншіктері, бірлескен ортақ меншік, ерлі-зайыптылардың әрқайсының жеке меншіктері.

Ерлі-зайыптылардың араларындағы мүліктік қатынастарды кодексіміз диспозитивті әдіспен реттегендіктен, араларында шарт жасау арқылы қалауларыңша реттей алады. Жұбайлар араларындағы мүлікке байланысты қатынастарын араларында қалауларыңша (шартпен) реттемеген жағдайда, заңнамамыз мүліктік режим қарастырған, осыған жұбайлардың мүліктерінің заңды режимі дейміз. Жұбайлардың мүліктерінің заңды режимі – бірлескен ортақ меншік. Яғни заңымыз жұбайлардың арасындағы мүліктік режимін меншік құқығы негізінде бірлескен ортақ меншік екенін анықтаған.

Отбасы (НОТК) [1] кодексіміздің 7-ші таруының §1. «Ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі» тақырыбымен реттеген. Алайда заңнамамыз §1 тақырыбындағы «...ерлі-зайыптылардың мүлкінің ...» және кодексіміздің 33-бабында: «Ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады.» деген сөздерінен нені түсінеміз? Осы параграф тақырыбын мен тиісті баптарда мүлік сөзінің нендей мағынада қолданылғанын алғаш анықтауымыз керек. Мүлік (орысша мәтінде: имущество) сөзі құқық терминологиясында үш мағынада қолданылады